ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 06 қазан №1513-23-00-2/1826 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шарушылық жүргізу құқығындағы «Әйтеке би аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Абдималик Нуркаликович Прмаганбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 12 маусымда талап қоюшы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шарушылық жүргізу құқығындағы «Әйтеке би аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жауапкер жеке жеке кәсіпкер Абдималик Нуркаликович Прмаганбетов (өнім беруші) арасында «бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен, мемлекеттк сатып алудың қорытындылары негізінде №175 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған (Бұдан әрі-Шарт)

Шарт сомасы 450 000 теңгені құрайды.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымша бойынша жауапкер келісім шартқа отырғаннан кейін Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтөбе ауылындағы медициналық пунктінде кәріз жүйелерін жөндеу,қайта жаңарту жұмыстарын орындауды міндетіне алған. Көрсетілген

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 09.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 15.11.2023
1513-23-3-1/2071

жұмыстарды орындау мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін тапсырыс берушінің өтінімі бойынша.

2023 жылғы 20 маусымда тапсырыс беруші электрондық портал арқылы шарт бойынша жұмыстарды орындауға өтінім берген. Өтінім мерзімі – күнтізбелік 15 күн.

Жауапкер шартта көзделген мерзімде аталған жұмыстарды жасамаған.

2023 жылғы 19 тамызда тапсырыс беруші шартты бұзып, 2023 жылғы 25 тамызда қайтадан жоғарыда көрсетілген жұмыстарға конкурс жариялады**.** Аталған конкурсқа жеке кәсіпкер Абдималик Нуркаликович Прмаганбетов қайта қатысып онымен 2023 жылғы 27 қыркүйекте қайтадан шарт жасасқан.

2023 жылғы 21 шілдеде талап қоюшы жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін уақытылы, тиісті дәрежеде орындамауына байланысты, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты қайтадан конкурс жариялап, жаңа шарт жасасуға мәжбүр болғандығын және соңғы шарт бойынша жауапкер өз міндеттемелерін қазірге кезде толық орындамағандығын, қабылдау актісіне қол қойылмағандығын айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында талап қоюмен келіспей, Шарт бойынша міндеттемелерін ауа-райының қолайсыздығына байланысты толық орындай алмағандығын, кейін жарияланған екінші конкурсқа қатысып, жаңа шарт жасасқандығын, қазіргі кезде жұмыстар толық орындалғандығын, тапсырыс берушіге қабылдау актілерін жолдайтындығын, өзін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп таныған жайғдайда жасалған жұмыстардың ақысы толық төленуге жататындығын айтып, талап арызды қанағантандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме–міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей,

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 09.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 15.11.2023
1513-23-3-1/2071

осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, яғни сотқа талап қоюмен уақытылы жүгінген.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағандығы іс материалдармен дәлелденеді, жауапкер бұл жағдайды жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынған жоқ.

Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады (АК-нің 10-бабы).

Сот жауапкердің қазіргі кезде жұмыстар толық орындалуына байланысты талап қою қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деген уәждерін негізсіз деп санайды. Себебі, Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағандығы жөнінде дәлелдемелер сотқа ұсынылған жоқ. Шарт біржақты бұзылған және жауапкер тарапынан заңда көзделген тәртәппен дауланбаған. Сот жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауының салдарынан талап қоюшы Шарт бойынша үміт артқан жұмыстардың нәтижесіне қол жеткізе алмады деп санайды.Сол себептен талап қоюшы 2023 жылғы 25 тамызда жоғарыда көрсетілген жұмыстарға қайтадан конкурс жариялауға мәжбүр болған.

Қазақстан Респубикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8 тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн. (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жоғарыдағылардың негізінде, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліуге жатады.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 272, 277 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 09.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 15.11.2023
1513-23-3-1/2071

алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сот отырысында, анықталғандай, шарттың 8.3 тармағында, тұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады, бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% артық болмауы тиіс делінген.

Сот, талап қоюшының талабы бойынша тұрақсыздық айыбын жауапкерден талап қоюшының пайдасына міндеттеменің кешіктірілген күндері үшін 6750 теңге мөлшерінде өндірілу қажет деп санайды.

Сот отырысында зерделенген дәлеледемелерді негізге алып, талап қоюшының талабы негізді деп танып, сот талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келді.

АПК-нің 109-бабына сәйкес, талап қоюшының пайдасына жауапкерден 203 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шарушылық жүргізу құқығындағы «Әйтеке би аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Абдималик Нуркаликович Прмаганбетов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Абдималик Нуркаликович Прмаганбетовтен талап қоюшы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шарушылық жүргізу құқығындағы «Әйтеке би аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 6750 (Алты мың жеті жүз елу) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 203 (екі жүз үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Абдималик Нуркаликович Прмаганбетовтен жергілікті бюджетке 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 09.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 15.11.2023
1513-23-3-1/2071

көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 09.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 15.11.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»

1513-23-3-1/2071